

ОҢТУСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ТАҚЫРЫБЫ:

ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘДІСТЕРІ

Орындаған: Аманкүл Исламжан

Тобы: к 110-16

Қабылдаған: Ораз Бексұлтан

Қалыптастырушы бағалау

- Оқушының күнделікті білім сапасы;
 - Күнделікті жұмыс жасау;
 - Білім алудағы олқылықтарды күнделікті түзеу;
 - Қорытынды бағалауда есепке алынбауы;
- Яғни біз “5” балдық бағалау жүйесінің жақсы қасиеттерін сақтаймыз.

- Оқытудың қиындықтарын анықтау;
- Жетістіктер туралы кері байланыс (оқушылар, мұғалімдер және ата-аналар үшін);
- Болжау және сұрыптау;
- Стандарттарды бақылау және орындау;
- Оқыту бағдарламасының мазмұнын және білім беру стилін бақылау.

Қалыптастырушы бағалау- бұл баланың оқуын үздіксіз бақылау үдерісі.

Қалыптастырушы бағалау бағасыз бағалау болып табылады, ол критерийлерге сәйкес бағалауға негізделеді және кері байланысты меңзейді.

Қалыптастырушы бағалаудың мақсаты- оқу үдерісінің барысында мұғалім мен оқушы қызметін түзету. Қалыптастырушы бағалау оқу нәтижесін жақсартуға бағытталған.

Қалыптастырушы бағалау – сабақта күнделікті жүзеге асатын, білім мен дағдыны меңгеру деңгейін анықтайтын бағалау. Қалыптастырушы бағалау білім беру процесінде оқушы мен мұғалімнің арасындағы өзара тығыз байланысты жүзеге асырады. Сонымен қатар, оқушыларға жаңа материалды меңгеруде тапсырмаларды қаншалықты дұрыс орындағандығын білуге және оқытудағы мақсаттар мен міндеттерді орындауға мүмкіндік туғызады (ауызша сұрақ, жазба, практикалық жұмыстар т.б.)

Формативті бағалау баға қоюмен жүзеге асырылмайды

- ▶ Мақтау
- ▶ Мадақтау
- ▶ Жылы шырай таныту
- ▶ Қолдау көрсету
- ▶ Ынталандыру
- ▶ Қолпаштау
- ▶ Қошеметтеу



Қалыптастырушы бағалау



«Басбармақ» әдісі

«Топтық жұмысты» стикерлер
арқылы бағалау



- өте жақсы



- жақсы



- қанағатты



Шапалақ

«Шапалақ» әдісі



«Смайлик» әдісі

Мұғалім үшін оқытудың келесі деңгейін жоспарлау үшін тексеру жұмыстарының нәтижесін қолданады; оқушыға білімін арттыру үшін пайдалы кеңестер береді; жұмыс нәтижесі бойынша әр оқушыға жеке- жеке мақсаттар қояды.

Оқушы үшін өз қатесі негізінде үйренуге көмектеседі; маңыздыны түсінуге көмектеседі; қолынан не келетінін түсінеді; білмейтін тұстарын анықтайды; нені істей алмайтынын түсінеді.

Критериалды бағалау

Жиынтық бағалау
(оқуды бағалау)-
суммативті
бағалау

- Оқуды бағалау кезінде бір оқушының жетістіктерінің белгіленген нормалармен немесе бірдей жастағы оқушылар тобының қол жеткізген деңгейімен арақатынасы салыстырылған соң қорытынды жасалады. Мұндай қорытындылар стандартқа немесе әдетте балл немесе деңгей түрінде межелікке «сәйкес\сәйкес емес» деген нысанда болады. (МАН 25)

Қалыптастырушы
бағалау (оқыту
үшін бағалау) –
формативті
бағалау


- Оқыту үшін бағалау – бұл білім алушылар өздерінің оқудың қандай сатысында тұрғанын, қандай бағытта даму керек және қажетті деңгейге қалай жету керек екендігін анықтау үшін оқушылар мен олардың мұғалімдері қолданатын мәліметтерді іздеу. (МАН 25)

Қалыптастырушы бағалаудың осы стратегиялары мұғалімдерге де, оқушыларға да міндеттер мен әдістерге қатысты қабылданатын шешімдерді реттеуге болатын құрылым ұсынады. Әдістер өзгеріп отырады және стратегияларды орындауда қолдануға болатын көптеген тәсілдер баршылық, бірақ қағидаттар тұрақты әрі негізді болуы қажет. Әртүрлі мұғалімдер әртүрлі жастағы балалармен жұмыс істегенде қолданатын әдістер алуан түрлі болып келеді, бірақ тиімді тәжірибе үшін соңғы критерийлер жүйесін құрастыратын стратегиялар мен қағидаттар үнемі бір.

Қалыптастырушы бағалау үдерісі

Жоспарлау	Ұйымдастыру	Өткізу
<ul style="list-style-type: none"> Оқу бағдарламасы Оқу жоспары 	<ul style="list-style-type: none"> Критериалды бағалау бойынша нұсқаулықтар Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағы 	<ul style="list-style-type: none"> Критериалды бағалау ережесі
<p>Оқу мақсаттарын талдау және оқу бағдарламасына сәйкес бағалау критерийлерін анықтау</p> <p>Қолжеткізген нәтижені анықтайтын бағалау құралдарын анықтау</p> <p>Оқыту әдістерін жоспарлау</p> <p>Сабақ жоспарын құру</p>	<p>Дайындау:</p> <ul style="list-style-type: none"> Бағалау критерийлеріне сәйкес тапсырмалар дайындау Тапсырмаларға дескрипторлар құрастыру Кері байланыс ұсыну түрлерін анықтау 	<p>Оқу үдерісін түзетуге қажетті ақпаратты жинау</p> <p>Оқушылар мен ата-аналарға кері байланыс ұсыну</p>

Мұғалімнің қалыптастырушы бағалауды ұйымдастыру тәжірибесіндегі түйінді мәселелер



Қалыптастырушы бағалаудың әдістәсілдері

Қалыптастырушы бағалаудың күнделікті іс-тәжірибесі барысында, оқушының меңгеру деңгейінің өлшемі мен ілгерілеуін анықтауда, оқыту үдерісінде төменгі әдіс-тәсілдерді

«Қол сигналы», «Бағдаршам», «Қорытындылауға арналған карточка индексі», «Бір минуттық эссе», «Сөйлеу үлгілері», «Екі жұлдыз, бір тілек», «Үш минуттық үзіліс», «Ауызекі баға», портфолио, журналдар, рубрикалар, сөзжұмбақтар, сұрақтар және тағы басқа түрлерін қолдануға болады.

Қалыптастырушы бағалаудың 18 және одан да көп әдістәсілдерін сабақтың әр түрлі кезеңдерінде: жаңа тақырыпты түсіндіруде, тапсырма орындау кезеңінде, мұғалімнің оқушыға жұмысының нәтижесін жақсарту мақсатымен кері байланыс ретінде ақпарат беру барысында да қолдануға болады. Мысалы, мұғалім оқушының жазба жұмысын тексеріп болған соң, оған баға қоймайды, әр түрлі қалыптағы сурет пен бояуларды қолданып белгілей алады. Әрбір белгі мен олардың түстері (сары, қызыл және жасыл, жұлдызша немесе қанатты белгілер) оқушының жауабындағы дұрыс немесе бұрыс орындалған жақтарын көрсетеді.

Қалыптастырушы бағалау әдістерінің басты ерекшелігі оқушылардың түсіну қабілетін бағалауда, сондай-ақ оқушылардың аналитикалық құралдар мен мысалдарды қолдануында танымдық прогрессін анықтау. Мұндай бағалаудың қорытындыларын оқыту деңгейін жақсарту барысында қолдануға болады. Қалыптастырушы бағалау әдістерін бірнеше түрге жіктеуге болады. Әдістердің бір түрі мұғалімнің сабақ түсіндіру және жаттығулар орындау барысында қолданылады.

